

Бекітемін


Мектеп директоры

  
К. Сарсенбаева  
« 27 » 08 2021 ж




Келісемін:

Директордың оқу ісінің меңгерушісі

  
А. Еселбай  
« 26 » 08 2021 ж

ӘБ отырысында қаралды:

Хаттама №

  
« 22 » 08 2021 ж

## 2021-2022 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының перспективалық жылдық жоспары

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданды білім бөлімі»  
мемкекеттік мекемесінің «Ақкөл орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ

Сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Барлығы: 20 сағат

Мұғалім: Орынбетова М.Ж

2021-2022 оқу жылы

## Түсінік хат

Мектепалды даярлық топтарында білім беру процесі:

2021-2022 оқу жылында меншік нысанына қарамастан мектепалды даярлық сыныптарының (топтарының) барлық түрлері мен нысандарында білім беру процесі ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (бұдан әрі – МТОМЖБС)(2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген), ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі –Үлгілік бағдарлама)(2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2020 жылғы 12 мамырындағы № 195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); үлгілік оқу бағдарламасына арналған әдістемелік нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолдарымен іске асырылатын: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру саласына негізделген.Барлық білім беру салалары бір-бірімен байланысты:бала оқи отырып таниды;тани отырып не білгені туралы айтады;зерттеу және пайымдау барысында құрбыларымен бірлесіп әрекет етеді.Білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарында оқу жүктемесі 20 сағатты құрайды,оның ішінде 17 сағаты оқу қызметтеріне,3 сағаты-вариативтік компонентке қарастырылған.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут

**Мектепалды даярлық тобының жүзеге асыратын оқу жоспары  
2021 – 2022 оқу жылы**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Апталық сағат саны	Жүктеме
		Мектепалды даярлық тобы	Апталық
	<b>Инварианттық</b>		
	<b>«Денсаулық»</b>	<b>3</b>	<b>3</b>
1	Дене шынықтыру	2,5	2,5
2	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5	0,5
	<b>«Қатынас»</b>	<b>5</b>	<b>5</b>
1	Сөйлеуді дамыту	1	1
2	Көркем әдебиет	1	1
3	Сауат ашу негіздері	2	2
4	Орыс тілі	1	1
	<b>«Таным»</b>	<b>2,5</b>	<b>2,5</b>
5	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру	1	1
6	Құрастыру	0,5	0,5
7	Жаратылыстану	1	1
	<b>«Шығармашылық»</b>	<b>5</b>	<b>5</b>
8	Сурет салу	1	1
9	Мүсіндеу	1	1
10	Жапсыру	1	1
11	Музыка	2	2
	<b>«Әлеуметтік орта»</b>	<b>1,5</b>	<b>1,5</b>
12	Өзін – өзі тану	1	1
13	Қоршаған ортамен таныстыру	0,5	0,5
	<i>Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы ұзақтығы</i>	<i>25 – 30 минут</i>	<i>Үзіліс 10-12 минут</i>
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	17	17
	<b>Вариативтік компонент</b>	<b>3</b>	<b>3</b>
1	Логика	1	1
3	Қызықты математика	1	1
4	Жазу үлгісі	1	1
	<b>Барлығы:</b>	<b>20</b>	<b>20</b>

**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданды білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақкөл орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ мектепалды даярлық сыныбына арналған**

**Сабақ кестесі**

№	<i>Дүйсенбі</i>	№	<i>Бейсенбі</i>
1	Сөйлеуді дамыту	1	Сауат ашу негіздері
2	Музыка	2	Көркем әдебиет
3	Өзін-өзі тану	3	Жазу үлгісі
4	Логика	4	Апликация
	<i>Сейсенбі</i>		<i>Жұма</i>
1	Дене шын-у/Қауіпсіз мінез құлық негіздері	1	Дене шынықтыру
2	Сауат ашу негіздері	2	Қызықты матем
3	Қоршаған орта/Құрастыру	3	Жаратылыстану
4	Мүсіндеу	4	Сурет салу
	<i>Сәрсенбі</i>		<i>Сенбі</i>
1	Дене шынықтыру		
2	Орыс тілі		
3	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру		
4	Музыка		

**«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған тақырыптық жоспар**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты мен міндеттері</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Күні</b>	<b>Ескерту</b>
1	Спорт зал	Балаларды сапқа тұрғызу, бір тізбекте саппен жүруге, жүгіруге жаттықтыру. Баланың екі адымындай қашықтыққа қойылған текшелер арқылы өте отырып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өту.	1	03.09.2021	
2	Спорт залда ойнаймыз	Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.	1	07.09.2021	
3	Денсаулықтың құпиялары	Белгіленген орынға биіктіктен секіруді; гимнастикалық орындық үстінде қырымен аяқты аяқтың жанына қоя жүруді; жүгіріп келіп биіктікке секіруді үйрету. Екі аяқтап секіру. Доп лақтыру және оны қағып алу жаттығулары.	1	08.09.2021	
4	Күлкі сыйла	Заттар арасынан екі аяқпен секіріп жүруді, шығыршықты тігінен ұстап тұрып, оның ішінен сәл еңкейіп өтуді үйрету. Доппен ойын – жаттығулары.	1	10.09.2021	
5	«Біз күшті ержүректіміз»	Допты бір біріне лақтыру. Орындық үстімен еңбектеу және тепе – теңдікті сақтау жаттығулары	1	15.09.2021	
6	Мен ойнағанды жақсы көремін	Секіру және доппен жасалатын ойын – жаттығулары	1	17.09.2021	
7	Керуен	Азия халықтарының ойындарымен таныстыру. Бір аяқпен әртүрлі бағытта секіру түрлерін орындау. Достыққа тәрбиелеу.	1	21.09.2021	
8	«Бадминтон футбол»	Қатарға тұруға жаттықтыру, 2-3 тізбекті сапта шашырап жүгіріп, содан соң тізбектегі орнын табуды; допты жоғары лақтырып, оны екі қолмен қағып алуға үйрету.	1	22.09.2021	
9	Күзгі орманда	Бөрене үстінен екі аяқпен секіру және допты кеудеден екі қолмен лақтыру жаттығулары	1	24.09.2021	
10	«Ұлттық ойындар» (таза ауада)	Денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру.	1	29.09.2021	
11	Қалай спортшы болуға болады?	Допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары	1	01.10.2021	
12	Менің сүйікті жануарларым	Біресе аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру.	1	05.10.2021	

13	Дене қабілетін дамыту	Денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру	1	06.10.2021	
14	Доппен ойнап көңіл көтеру!	Допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары	1	08.10.2021	
15	Біз әртүрліміз	Кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту	1	13.10.2021	
16	Зейінді баламыз	Денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау	1	15.10.2021	
17	Бірінші бол!	Бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру	1	19.10.2021	
18	Командалық эстафеталар	Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары	1	20.10.2021	
19	Ерекше сабақтар	Гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету.	1	22.10.2021	
20	Акробат болғым келеді	Заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.	1	27.10.2021	
21	Ақылдылар	Допты алып жүру (қашықтық 5 м) жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, 22көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура 11жүруді үйрету.	1	29.10.2021	
22	Бізбен бірге және бізден артық орында	Балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату.	1	09.11.2021	
23	Біз-болашақ әскерміз!	Заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.	1	10.11.2021	
24	Біздің стадион	Кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру. Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру.	1	12.11.2021	

25	<b>Менің отбасым</b>	Еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.	1	17.11.2021	
26	<b>Менің үйім</b>	Балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары.	1	19.11.2021	
27	<b>Күшті, батыл және үлкен боламын!</b>	Балаларға ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіруге жаттықтыру. Алақанды соққан соң қағып алған допты екі қолмен жоғары лақтыра алуға тәрбиелеу. Ағаш қадалар арағынан еңбектеп өту жаттығуларын дұрыс орындай алуға жаттықтыру.	1	23.11.2021	
28	<b>Командалық қимылдарды орындау.</b>	Қардан тұрғызылған құрылыстар арасынан қатармен жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға жаттықтыру. Затқа дейін екі аяқтап секіру, қар кесегін нысанаға дәл лақтыра алуға тәрбиелеу.	1	24.11.2021	
29	<b>Мерген болғым келеді</b>	Сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру. Қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, 1 гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.	1	26.11.2021	
30	<b>Әкем, анам және мен!</b>	Шаңғымен жүру кезінде ырғақтылықты дамыту. Екі аяқпен жасалатын жаттығулар. Жүгіру және қар кесегін нысанаға лақтыру ойын – жаттығулары жасай алуға тәрбиелеу.	1	03.12.2021	
31	<b>Отбасымызбен бірге жаттығамыз</b>	Гимнастикалық қабырғаның басына дейін әртүрлі әдіспен өрмелеп шығу жаттығуларымен таныстыру.	1	07.12.2021	
32	<b>Отбасылық альбом</b>	Допты алып жүру (қашықтық 5 м) жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету. Текшелерді аттап өтіп, гимнастикалық орындық үстімен жүруге жаттықтыру.	1	08.12.2021	
33	<b>Хоккей ойнап үйренеміз?</b>	Қапшықты тізелердің арасынан қысып алып, екі аяқтап секіруге тәрбиелеу.	1	10.12.2021	
34 35	<b>Тату -тәтті баламыз?/Отбасылық ойын</b>	Балаларға шаңғымен сырғу арқылы жылжу жаттығуларымен таныстыру.	1+1	15.12.2021	
36	<b>Менің көңілді добым</b>	Шайбамен және доп таяғымен жасалатын ойын – жаттығуларды орындату. Мұз жолдармен сырғанап алуға тәрбиелеу.	1	21.12.2021	

37	Аулада ойнайтын ойындар	Қатарға тұруға жаттықтыру, 2-3 тізбекті сапта шашырап жүгіріп, содан соң тізбектегі орнын табуды; допты жоғары лақтырып, оны екі қолмен қағып алуға үйрету.	1	22.12.2021	
38	Асықпен ойналатын ойындар	Денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Балаларға асықпен ойнайтын ойындарды дұрыс ойнай білуге тәрбиелеу.	1	24.12.2021	
39	Хоккей ойнаймыз	Балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру.	1	29.12.2021	
40	Мультфильмдер әлемі	Қарама-қарсы отырып, нығыздалған мақта допты бірбіріне аяғымен домалатуды, қолды жоғары, желкеде, белде ұстап, жан-жаққа созуды, жіп астынан еңкейіп тура және бір бүйірмен өтуді үйрету.	1	19.01.2022	
41	Шаңғымен жүру	Көлбеу қойылған тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап, бір бүйірмен жүруді, аяқты-аяқтың алдына қойып жүруді; допты еденге соғып алып жүруді үйрету.	1	21.01.2022	
42	Біздің айналамыздағы әлем	Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.	1	25.01.2022	
43	Африкаға саяхат	Гимнастикалық орындық үстінде бір бүйірмен жүруді; бір бүйірмен аяқты аяққа тигізіп жүруді, гимнастикалық қабырғада өрмелеуді үйрету.	1	26.01.2022	
44	Құрлықтар бойынша саяхат	Балаларды тоқтамай жүгіруге, коньки, шаңғы тебушінің қимылын келтіріп, кең адымдап сырғанап жүруге жаттықтыру. Допты алып жүру (қашықтық 5 м) жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру	1	29.01.2022	
45	Байқоңыр	Еңкіш тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, заттардың үстімен екі аяқтап секіруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету.	1	02.02.2022	
46	Шаңғымен жүру	Шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығулар жасату. Шайбаны бір – біріне лақтыру және мұз жолымен сырғу жаттығулары	1	04.02.2022	
47	Жыл мезгілдеріне саяхат	Бір орында тұрып ұзындыққа (60 см) секіру жаттығуларын жасату. Үлкен адыммен «алақан» бейнеленген суреттерді басып еңбектеуге, «аяқтың ізі» ұзындыққа секіруді үйрету.	1	15.02.2022	



48	<b>Жігіттер сайысы</b>	Балаларға дене қимыл жаттығулары арқылы жаттығуларды дұрыс жасауға дағдыландыру. Жүгіру және секіру ойын – жаттығуларын дамыту.	1	16.02.2022	
49	<b>Ұлы есімдер</b>	Балаларға қапшықты иық тұсынан лақтыру жаттығуларымен таныстыру. Бір қатарға қойылған ағаштардың арасымен аяқтың ұшымен, өкшемен алма-кезек секіруге, жетекшінің белгісі бойынша бұрылуға, жүруге жаттықтыру. Еліміздегі атақты спортшылардың еңбегін құрметті білуге тәрбиелеу.	1	18.02.2022	
50	<b>Желаяқтар</b>	Жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру.	1	23.02.2022	
51	<b>Батырлар</b>	Қолды төбеге қойып гимнастикалық орындық үстінен жүруді, жоғары ілулі тұрған шарға, затқа секіріп қол жеткізуді, биіктікте жүруді үйрету.	1	25.02.2022	
52	<b>Мерген</b>	Шапшаңдықпен жүруге, секіруге заттарға денесін тигізбей еңбектеуге жаттықтыру. Жүгіріп келіп биіктікке секіруді үйрету.	1	01.03.2022	
53	<b>Аңшылар</b>	Еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруге, көлбеу қойылған тақтай үстімен жүріп келіп, келесі тақтайға ауысуға жаттықтыру.	1	02.03.2022	
54	<b>Қыстаудағы ойындар</b>	Гимнастикалық орындық үстінде қолды жоғары көтеріп, шайбаны хоккей таяғымен кішкентай қақпадан өткізуді үйрету.	1	04.03.2022	
55	<b>Желді қуып жет</b>	Екі аяқпен алға секіріп жүруді; Екі аяқпен теп-теңдікті сақтап секіруді үйрету.	1	09.03.2022	
56	<b>Жайлаудағы ойындар</b>	Қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен үздіксіз жүруді. Доппен жасалатын жаттығуларды үйрету.	1	11.03.2022	
57	<b>Өз бетімізбен жатығамыз</b>	Арқанмен жасалатын дене қимылдарын жасай білуге дағдыландыру. Белгілі бір белгіге көтерілген арқанның астынан қте білуге тәрбиелеу.	1	15.03.2022	
58	<b>Жаң-жағыңа жылудық сыйла!</b>	Балаларды қашықтыққа жүріспен кезектестіре отырып жүгіру жаттығуларымен таныстыру.	1	18.03.2022	
59	<b>Мұздағы ойын</b>	Сақинаны нысанаға дәл тигізіп лақтыруды; орындық, доға астынан еңбектеп өтуді; гимнастикалық орындықта отырып, башпайларды бүгіп-жазып, жаттығу орындауды үйрету.	1	01.04.2022	

60	Спорт түрлері	Денені түзу ұстап, тізені жоғары көтере еркін жүруге, жүгіруге, тізе мен санды жоғары көтеріп, ырғақпен жүруге; зал ішінде бір-біріне доп лақтырып жүгіруге жаттықтыру.	1	01.04.2022	
61	Мұздағы ойын	Қабырғаға допты соғып, одан ыршыған допты жерге түсірмей қағып алуды, заттар арасымен еңбектеуді, гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.	1	06.04.2022	
62	Стадион	Жүру мен жүгіруді алмастыра отырып, эстафеталық жарыс ұйымдастыру.	1	08.04.2022	
63	Бір,екі,үш,балалар алды күш!	Балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру. Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу.	1	13.04.2022	
64 65	Қ.Республикасы халықтарының ойындары/Керуен(хаттың негізінде:№18-2/120-И)	Үздіксіз жүру, секіру жаттығуларымен таныстыра отырып, дене қимылдарын дұрыс жасауға бейімдеу.	1+1	15.04.2022	
66	Волейболшының жаттығуы	Гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуларын дұрыс жасай алуға тәрбиелеу. Оң және сол қолымен нысанаға дәл лақтыруға жаттықтыру. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.	1	19.04.2022	
67	Ойна, ойна доптан айырылып қалма	Жер бауырлап еңбектеуге, жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру.	1	20.04.2022	
68	Футбол ойнаймыз	Гимнастикалық қабырғаның басына дейін бір әдіспен өрмелеу, одан келесі арқалыққа өтіп, төмен түсу жаттығуларын дұрыс жасай алуға бейімдеу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.	1	22.04.2022	
69 70	Волейбол алаңында жаттығу/Аулада ойнайтын ойын(хаттың негізінде:№18-2/120-И)	Доппен жасалатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру.	1+1	27.04.2022	
71	Менің достарымның ойыны	Еңкіш тақтай үстімен жүру. Ілгері жылжи отырып, аяқтан – аяққа секіру (қашықтық 4 м) жаттығуларын орындату.	1	29.04.2022	
72	Қазақ халқының ұлттық ойындары	Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіру, 1,5 минутқа дейін үздіксіз жүгіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. Ойындағы қауіпсіздік ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу.	1	03.05.2022	

<b>73</b>	<b>Ойын ойнап өсеміз</b>	Шығыршық арқылы жұптасып өтуді, еденге қатарынан төселген бірнеше тақтайшалар үстінен секіруді; еденге қолды тигізбей доға астынан тура, бір бүйірмен өтуді үйрету. Ұлттық ойындарды қызығушылықпен ойнай білуге тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>04.05.2022</b>	
<b>74</b>	<b>Аңшылар</b>	Допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; тұзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету.	<b>1</b>	<b>06.05.2022</b>	
<b>75</b>	<b>Футбол ойнап шыңға түс</b>	Тік нысынаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізе білуге жаттықтыру. Тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>11.05.2022</b>	
<b>76</b>	<b>Өрмелеп үйренеміз</b>	Доппен жаслатын қимылдарды дұрыс жасай білуге жаттықтыру. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Жаттығу денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру.	<b>1</b>	<b>13.05.2022</b>	
<b>77</b>	<b>Көшбасшы бол</b>	Гимнастикалық қабырғаға өрмелей білу жаттығуларын жалғастыру. Баумен жүру ережелерін тиянақты орындай білуге тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>17.05.2022</b>	
<b>78</b>	<b>Тату бола білеміз!</b>	Себетке доп лақтыру жаттығуларын жасай білу. Сызықтан-сызыққа секіру жаттығуларын дамыту. Жүру, жүгіру жаттығуларын дұрыс орындай білуді нақтылау.	<b>1</b>	<b>18.05.2022</b>	
<b>79</b>	<b>Біз оқушы боламыз!</b>	Жаттығуларды ұжымдықпен жасай білуге тәрбиелеу. Ойындардың ережелерін сақтай отырып, ойнай білуге жаттықтыру.	<b>1</b>	<b>20.05.2022</b>	
<b>80</b>	<b>Біз оқушы боламыз!</b>	Жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен, шапшаңдылықпен орындай білуді қалыптастыру. Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>24.05.2022</b>	

**«Қауіпсіз -мінез құлық негіздері» ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған тақырыптық жоспар**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты мен міндеттері</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Күні</b>	<b>Ескерту</b>
<b>1</b>	<b>Мен кімін? Адам денесі</b>	<b>Мақсаты:</b> балаларды адам дене құрылысымен таныстыру. Адамдардың бір-бірінен айырмашылығы болатынын түсіндіру. <b>Міндеттері:</b> а) Дене мүшелерінің маңыздылығы туралы түсіндіру, білімдерін толықтыру. ә) Өзін танып-білуге деген қызығушылықтарын дамыту. б) Өз дене мүшелеріне дұрыс күте білуге тәрбиелеу.	<b>1</b>	14.09	
<b>2</b>	<b>Ас қорыту жүйесі. Асқазан</b>	<b>Мақсаты:</b> дұрыс тамақтану ережелерімен таныстыру. <b>Міндеттері:</b> а) Балаларды ас қорыту мүшелерімен таныстыру, білімдерін толықтыру. ә) Салауатты өмір салтын дамыту. б) Салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.	<b>1</b>	28.09	
<b>3</b>	<b>Тамақтану .</b>	<b>Мақсаты:</b> азық-түлік сапасын оның түсіне, иісіне, пішініне қарай ажырата білуді үйрету. <b>Міндеттері:</b> а) Балаларды дұрыс тамақтану мәдениеті және ережелерімен таныстыру. ә) Күнделікті өмірде дұрыс тамақтану ережелерін сақтауға баулу. б) Кез келген асты құрметтеуге тәрбиелеу	<b>1</b>	12.10	
<b>4</b>	<b>Табиғат – тіршілік нәрі</b>	<b>Мақсаты:</b> балаларға табиғат туралы түсінік беру. <b>Міндеттері:</b> а) Табиғат саясындағы жанды, жансыз заттарға қамқорлық жасауға баулу. ә) Туған табиғатқа сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерімен қарауға үйрету. б) Жер-ананың адамзатқа берген сыйын үнемдеп оны сақтай білуге дағдыландыру.	<b>1</b>	26.10	

5	<p><b>Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері Мен үйдемін. Қауіпсіздік мектебі</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> балаларды табиғаттағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.  <b>Міндеттері:</b> а) Табиғат туралы және «адам – табиғаттың бөлігі» деген түсініктерін кеңейту. ә) Табиғаттың адаммен байланысы арқылы өзін-өзі қорғай білуді үйрету. б) Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.  <b>Мақсаты:</b> балаларға үйдегі қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру.  <b>Міндеттері:</b> а) Үйдегі қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру. ә) Олардан сақтана білуге үйрету арқылы қорғаныш дағдыларын дамыту. б) Әр балаға өзін-өзі қорғай алуға тәрбиелеу</p>	1	16.11	
6	<p><b>Өзіңе және өзге адамдарға көмектес</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> өзіңе және өзге адамдарға көмектесуге тәрбиелеу. Жарақаттанған кезде алғашқы жәрдем көрсете білу дағдыларын дамыту.  <b>Міндеттері:</b> а) Балаларға салауатты өмір салты – бұл денсаулық сақтаудың негізгі байлығы мен құндылығы екенін жеткізу. ә) Күнделікті өмірде оны дамытуға көңіл бөліп, өз бетінше қолдана білуін жетілдіру. б) Адамгершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу</p>	1	30.11	
7	<p><b>Мен жүрек туралы не білемін?</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> адамның ең негізгі мүшесі – жүрекпен таныстыру. Жүректің жұмысы және қызметі туралы мағлұмат беру, түсіндіру.  <b>Міндеттері:</b> а) Балаларды дене мүшелерін түрлі қатерден сақтауға үйрету, тәрбиелеу. Ә) Сұрақтарға толық сөйлемдермен жауап берулерін дамыту. б) Өз денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу</p>	1	14.12	
8	<p><b>Сезім мүшелері</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> адамда сезім мүшелері бар екенін естеріне салу. Көру, есту, сезу адамның ең негізгі көмекшілері екенін айту.  <b>Міндеттері:</b> а) Сезім мүшелерінің рөлі және ол жайлы балалардың білімін жетілдіру. ә) Көру, есту, сезу арқылы қоршаған ортаны қабылдау алуға үйрету. б) Сезім мүшелерін күту, сақтауға тәрбиелеу.</p>	1	28.12	
9	<p><b>Мұрын. Тыныс алу және иіс сезу мүшелері</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Балаларды тыныс алу мүшелерімен таныстыру.  <b>Міндеттері:</b> а) адам ағзасына ауаның өту жолын көрсету. ә) Мұрынның денсаулықты сақтаудағы маңызына және ауаның адам ағзасына пайдасы бар екенін түсінік беру. б) Салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу</p>	1	18.01	

10	<p><b>Өкпе – тыныс алу мүшесі</b></p> <p><b>Бүйрек</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> адам өміріндегі өкпенің қызметін түсіндіру. Лас ауаның тыныс жолдарына әсері туралы білімдерін толықтыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> а) Салауатты өмір салтын насихаттау, ойларын дамыту. ә) Балаларға тыныс алу мүшелеріне зиян тигізер заттарды айтып түсіндіру. б) Тыныс алу жолдарында туындайтын аурулардың алдын алуға, өздерінің денсаулығын күтуге тәрбиелеу</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың адам ағзасындағы мүшелер туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> а) Бүйректің атқару қызметімен таныстыру. ә) Балалардың ағза туралы білімдерін жетілдіру. Бүйректің атқару қызметімен таныстыру. б) Бүйрек аурулары, олардың алдын алу жолдарын айта отырып, салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу.</p>	1	01.02	
11	Тіл	<p><b>Мақсаты:</b> балаларға тілдің дәм айыру аймақтарын көрсетіп, тілдің қызметі туралы түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> а) Дәм сезу мүшелерін қалай күту керектігін үйрету. ә) Тілдің қызметі туралы түсіндіру. б) Денсаулықтарын сақтау, жеке бас гигиенасын талаптарын сақтауға тәрбиелеу.</p>	1	22.02	
12	Дәрумендер	<p><b>Мақсаты:</b> балаларға дәрумендердің пайдасы туралы түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> а) Көгөністер және жемістердің пайдасы туралы білімдерін толықтыру. ә) Ізденуге, тез ойлауға, алғырлыққа, тапқырлыққа баулу. б) Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.</p>	1	15.03	
13-14	<p><b>Судың денсаулыққа пайдасы/Күн, ауа және су – біздің достарымыз(хаттың негізінде: №18-2/120-И)</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> балаларға судың табиғаттағы баға жетпес сый екенін түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> а) Судың қажеттілігін, оның адамның тіршілігіндегі маңызы туралы білімдерін толықтыру. ә) Іс-тәжірибе арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту. б) Табиғатты қорғап, суды үнемдеп пайдалануға, ластамауға тәрбиелеу.</p>	1+1	12.04	<b>(хаттың негізінде: №18-2/120-И)</b>

15	<b>Байланыс құралдары</b>	<p><b>Мақсаты:</b> байланыс қызметі түрлерімен таныстырып, олардың атауларын меңгерту.</p> <p><b>Міндеттері:</b> а) Балалардың жас шамасына қарай компьютер туралы түсінік беру. ә) Оны пайдалану ережелерімен таныстыру. б) Адамдармен телефон арқылы тілдесу мәдениетін қалыптастыру.</p>	1	26.04	
16	<b>Пайдалы кеңестер мен жағымсыз әдеттер</b>	<p><b>Мақсаты:</b> Күн, ауа, су – табиғат сыйы және олардың маңызы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Міндеттері:</b> а) Судың денсаулыққа пайдасы жайлы түсінік беру. ә) Күн, су және ауаның тіршілік үшін маңызды екендігіне мысалдар келтірту арқылы есте сақтауларын дамыту. б) Қоршаған ортаны қорғауға және тазалығын сақтау қажеттілігіне тәрбиелеу</p> <p><b>Мақсаты:</b> денсаулық мықты болу үшін салауатты өмір салтын сақтау туралы түсініктерін толықтыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> а) Жалпы зиянды заттарға қарсы жағымсыз сезімдерін дамыту. ә) Денсаулыққа пайдалы, зиянды заттарды ажырата алуға баулу. б) Ұқыптылыққа, тазалыққа, жекебас гигиенасын таза ұстауға тәрбиелеу.</p>	1	24.05	

**«Сөйледі дамыту» ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған тақырыптық жоспары**

№	ҰОҚ тақырыбы	ҰОҚ мақсаты мен міндеттері	Сағат саны	Күні	Ескерту
1	Мектептегі алғашқы күн.	<p><b>Мақсаты:</b> «Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру;</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету.</p> <p>Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту.</p> <p>3. Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	1	6.09	
2	Менің досым	<p><b>Мақсаты :</b> Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту.</p> <p>Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту.</p> <p>3. Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу.</p>	1	13.09	
3	Менің сүйікті ойыншығым	<p><b>Мақсаты:</b> «Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету.</p> <p>2. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.</p> <p>3. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.</p>	1	20.09	



4	Күз бояуы	<p><b>Мақсаты:</b> Жіктеуді үйрету</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.</p> <p>Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту.</p> <p>3. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу.</p>	1	27.09	
5	Менің атам	<p><b>Мақсаты:</b> Суретке қарап әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>1. Отбасы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>2. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау</p>	1	4.10	

		<p>қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.</p>			
6	Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)	<p><b>Мақсаты:</b> «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту.</p> <p>3. Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.</p>	1	11.10	
7	Отбасының күзгі еңбегі	<p><b>Мақсаты:</b> Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу.</p> <p>Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету.</p> <p>3. Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.</p>	1	18.10	
8	Күзгі жапырақтар	<p><b>Мақсаты:</b> Дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктерді түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру.</p> <p>Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту.</p> <p>3. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу.</p>	1	25.10	

9	Шаштараз	<p><b>Мақсаты:</b> Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Өлеңді жаттату;</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балалардың ойлау қабілетін дамыту.</li> <li>2. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>	1	8.11	
10	Ең тәтті дүние	<p><b>Мақсаты:</b> Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту.</li> <li>2. Хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу.</li> </ol>	1	15.11	
11	Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)	<p><b>Мақсаты:</b> Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Балаларды әңгімені толық</p>	1	22.11	

		тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. 2. Мақал- мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту. 3. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.			
12	Қысқа дайындық (ертегі)	<b>Мақсаты:</b> Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. <b>Міндеттері:</b> 1. Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету. 2. Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту. 3. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	29.11	
13	Алғашқы қар	<b>Мақсаты:</b> Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру. <b>Міндеттері:</b> 1. Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. 2. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. 3. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	1	6.12	
14	Менің Отаным	<b>Мақсаты:</b> Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. дауыс ырғағына қарай оларды ажырата білу іскерлігін дамыту; <b>Міндеттері:</b> 1. Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. 2. Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту. 3. Туған өлке, Отанды сүюге баулу.	1	13.12	

15	Қыс	<p><b>Мақсаты:</b> «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру;</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу.</p> <p>Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>3. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p>	1	20.12	
16	Ажарлы қыс	<p><b>Мақсаты:</b> «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету.</p> <p>2. Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.</p> <p>3. Балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	1	27.12	


17	Біз де ойнаймыз	<p><b>Мақсаты:</b> Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету.</p> <p>Ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>3. Туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.</p>	1	17.01	
18	«Ақсақ құлан» аңызы	<p><b>Мақсаты:</b> «Л» – «Р» дыбыстарын үйрету;</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. «Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету.</p> <p>Балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>3. Хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу.</p>	1	24.01	
19	Су торғайы	<p><b>Мақсаты:</b> «Ж» – «Ш» дыбыстарын таныстыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету.</p> <p>2. Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту.</p> <p>3. Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу.</p>	1	31.01	
20	Қыс қызықтары Қаңтар	<p><b>Мақсаты:</b> Дыбыстық талдау жасауды үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.</p> <p>Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту.</p> <p>3. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.</p>	1	14.02	

21	Кеме (өлең)	<b>Мақсаты:</b> Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру. <b>Міндеттері:</b> 1. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. 2. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту. 3. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу.	1	21.02	
----	-------------	--	---	-------	--

22	Мамандықтың бәрі жақсы	<b>Мақсаты:</b> Мамандықтармен таныстыру. <b>Міндеттері:</b> 1. Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру. 2. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. 3. Мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	28.02	
23	Менің анам	<b>Мақсаты:</b> Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету. <b>Міндеттері:</b> 1. Ана туралы өз ойларын айтқызу. 2. Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту. 3. Ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу.	1	7.03	
24	«Күшік пен мысық» Ертегісі	<b>Мақсаты:</b> Сөздерді буынға бөлуге үйрету, дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамыту. <b>Міндеттері:</b> 1. Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. 3. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	14.03	
25	Наурыз – көктем мерекесі	<b>Мақсаты:</b> Грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағдыландыру. <b>Міндеттері:</b> 1. Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. 2. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. 3. Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	4.04	
26	«Қасқыр мен түлкі» ертегісі	<b>Мақсаты:</b> Сөздерді буынға бөлуге үйрету, дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамыту. <b>Міндеттері:</b> 1. Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. 2. Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту.	1	11.04	
27	Жайлауда	<b>Мақсаты:</b> «Ж» – «Ш» дыбыстарының	1+1	18.04	



28	«Қасқыр мен түлкі» ертегісі	ұқсастығын үйрету. <b>Міндеттері:</b> 1. Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру. 2. Балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.			
29 30	Мен ғарышкер боламын Жайлауда (хаттың негізінде №1 8-2/120-И)	<b>Мақсаты:</b> «Қ» – «Ғ» дыбыстарын таныстыру. <b>Міндеттері:</b> 1. Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. 3. Еңбекқорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу. 2.	1+1	25.04	
31	Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш	<b>Мақсаты:</b> Сөзді буынға бөлуді дамыту. <b>Міндеттері:</b> 1. «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету. Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту. <b>4.</b> Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	16.05	
32	Маңдай тер	<b>Мақсаты:</b> Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту. <b>Міндеттері:</b> 1. Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау. 2. Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету. 3. Үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	23.05	



**«Көркем әдебиет» ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған тақырыптық жоспар**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаты мен міндеттері</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Күні</b>	<b>Ескерту</b>
<b>1-2</b>	<b>Білімнің – бұлағың (өлеңмен танысу)</b>	<p><b>Мақсаты:</b> Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен таныстыру. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту. Балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p>	<b>2</b>	02.09 09.09	
<b>3-4</b>	<b>Кішкентай бағбан (әңгімелеу)</b>	<p><b>Мақсаты:</b> Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу.</p>	<b>2</b>	16.09 23.09	
<b>5-6</b>	<b>Шаруа мен аю (орыс халық ертегісі)</b>	<p><b>Мақсаты:</b> Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстіршілігі арқылы еңбекке баулу. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Міндеттері:</b> Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу</p>	<b>2</b>	30.09 07.10	
<b>7-8</b>	<b>Менің ойыншықтарым</b>	<p><b>Мақсаты:</b> Ойыншықтар туралы түсінігін тиянақтау. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір</p>	<b>2</b>	14.10 21.10	

	<b>(өлеңді жаттау)</b>	түрі – өлең туралы түсінігін кеңейту. <b>Міндеттері:</b> Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Сурет бойынша сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл күймен мазмұндау шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойыншықты ұқыпты, таза ұстауға, жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелеу			
<b>9-10</b>	<b>Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі)</b>	<b>Мақсаты:</b> Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде қазақ халқының тұрмыстыршілігі арқылы еңбекке баулу. Ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі ертегі туралы түсініктерін кеңейту. <b>Міндеттері:</b> Ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Адал дос болуға тәрбиелеу	<b>2</b>	28.10 11.11	
<b>11</b>	<b>Әдептілік әлемі (өлең оқу)</b>	<b>Мақсаты:</b> Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. <b>Міндеттері:</b> Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.	<b>1</b>	18.11	
<b>12-</b>	<b>Тәуелсіз Қазақстан (өлеңмен таныстыру)</b>	<b>Мақсаты:</b> Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, мәдениет туралы түсініктерін кеңейту. Туған еліне деген мақтаныш сезімдерін ояту. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. <b>Міндеттері:</b> Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Туған жерін сүйуге, қадірлеуге, татулықта, бірлікте өмір сүруге	<b>1</b>	25.11	

		тәрбиелеу.			
13-14	Мысық, әтеш және түлкі (ертегі)	<p><b>Мақсаты:</b> Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін арттыру. Ертегінің мазмұнымен және кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Әдеби жанрдың бір түрі ертегі туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Міндеттері:</b> Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту. Жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу</p>	2	02.12 09.12	
15	Жаңа жыл келді (өлеңді жаттау)	<p><b>Мақсаты:</b> Жаңа жыл туралы түсініктерін кеңейту. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін бекіту.</p> <p><b>Міндеттері:</b> Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу және өзара қарым-қатынасын дамыту. Ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.</p>	1	23.12	
16	Жақсы мен жаман (өлеңді жаттау)	<p><b>Мақсаты:</b> Жақсы мен жаман туралы түсініктерін кеңейту. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту. Жақсы тұлға болып өсуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу.</p>	1	20.01	
17-18	Бір уыс мақта (әңгіме)	<p><b>Мақсаты:</b> Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Әңгіменің мазмұнымен таныстыру. Бір-бірімен байланысты сюжет бойынша әңгімені шығармашылықпен құрап айту. Әңгіменің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың түрі – әңгіме туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Міндеттері:</b> Әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу.</p>	2	27.01 03.02	

		Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.			
19	Әже (өлеңді жаттау)	<b>Мақсаты:</b> Өлеңдегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлең мазмұнымен таныстыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. <b>Міндеттері:</b> Өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Үлкенді сыйлай білуге, отбасын құрметтеуге тәрбиелеу	1	17.02	
20	Әз, Наурызым, армысың (өлеңді жаттау)	<b>Мақсаты:</b> Ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, мәдениеті, ауыз әдебиеті шығармалары туралы түсінік беру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. <b>Міндеттері:</b> Өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату. Сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту. Ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу	1	24.02	
21-22	Үш қыз (татар халық ертегісі)	<b>Мақсаты:</b> «Ана» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту. Ертегінің мазмұнымен, кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегіні қоғамдық өмір оқиғаларымен байланыстырып мазмұндау. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту. <b>Міндеттері:</b> Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу. Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Балаларды ананы сыйлауға, құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу	2	03.03 10.03	
23-24	Мен ғарышкер боламын (өлеңді	<b>Мақсаты:</b> Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Ғарышкерлер туралы түсінік беру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға	2	17.03 31.03	

	жаттау)	жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі – өлең туралы түсінігін бекіту. <b>Міндеттері:</b> Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарымқатынасын дамыту. Отанымыздың адал азаматы болуға, өзін бағалай білуге тәрбиелеу			
25-26	Достық мерекесі (өлеңді жаттау)	<b>Мақсаты:</b> Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Достық, ынтымақтастық туралы түсінігін кеңейту. Ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті туралы түсінік беру. Мақтаньш сезімдерін қалыптастыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. <b>Міндеттері:</b> Өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату. Өлең мазмұнын эмоциялық көңіл күймен айтуға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарымқатынасын дамыту. Мерекелік көңіл күйін көтеру, Отансүйгіштікке тәрбиелеу	2	07.04 14.04	
27-28-29	Жеңіс күні (өлеңді жаттау) Мен ғарышкер боламын (хаттың негізінде.№18-2/120-II)	<b>Мақсаты:</b> Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Жеңіс күні туралы түсінігін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін, сезімдерін ояту. Жеңіс күні туралы өлеңмен таныстыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. <b>Міндеттері:</b> Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату. Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, мәдениеті туралы түсініктерін дамыту. Өз елін құрметтеуге, Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.	1+1 1	21.04 28.04	
30-31	Бала – біздің болашақ (өлеңді жаттау)	<b>Мақсаты:</b> Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Болашақ туралы ұғымдарын кеңейту. Мақтаньш сезімдерін қалыптастыру. Әдеби жанрдың бір түрі – өлең туралы түсініктерін бекіту. <b>Міндеттері:</b> Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. Жақсылыққа,	2	05.05 12.05	

		ізгілікке тәрбиелеу			
32	Ертегі әлеміне саяхат	<p><b>Мақсаты:</b> Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін арттыру. Ертегінің мазмұнымен және кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Әдеби жанрдың бір түрі ертегі туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Міндеттері:</b> Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту. Жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу</p>	1	19.05	



**«Сауат ашу негіздері» ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған тақырыптық жоспары**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Мақсаттары</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Өтетін күні</b>	<b>Ескерту</b>
1-2	Дыбыс	Дыбыс туралы түсінік беру. Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы білімдерін кеңейту.	2	02.09 07.09	
3-4	Сөз	Балаларға сөз, дыбыс туралы ұғымдарын түсіндіру. Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру.	2	09.09 14.09	
16	Қар тоқтату жұмысы	а) Судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі туралы түсінік қалыптастыру. ә) Балалардың бойында қарапайым ғылыми білім қалыптастыру. б) Зерттеушілік мінез-құлық мәдениетіне баулу.	1	21.01	
17	Үй жануарларының қандай пайдасы бар?	а) Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабай аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету. ә) Тірі нысанды суреттеу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. б) Табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарым- қатынас жасауға үйрету.	1	28.01	
18	Өтеш қай кезде шақырады?	а) Үй құстарының атауларын білу және оларды бір- бірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту. ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын, бақылау нәтижелерін талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.	1	04.02	

		б) Табиғатқа қайырымды болуға, эмоционалды, эстетикалық және этикалық сезімдерін қалыптастыру.			
19	Асыранды үй жануарларын қалай күтіп-баптаймыз?	а) Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. ә) Олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту. б) Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарым- қатынаста болуға үйрету.	1	18.02	
20	Алақай, көктем келді!	а) Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау. ә) Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту. б) Танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру.	1	25.02	
21	Ауа не үшін қажет?	а) Балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту. ә) Тәжірибелік-тәжірибеалды жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. б) Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарым - қатынаста болуға үйрету.	1	04.03	
22	Пайдалы қазбалар дегеніміз не?	а) Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру. ә) Олардың аттарын атап, бір-бірінен ажырата білу қабілетін дамыту. б) Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарай білуге тәрбиелеу.	1	11.03	

23	Орман Өсімдіктерді қалай күту қажет?	<p>а) Қылқанжапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>ә) Топпен жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік компетенцияларды ,танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту.</p> <p>б) Туған табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге , өзімен қатар құрбыларымен достық қарым- қатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға тәрбиелеу.</p>	1	18.03	
24	Суда тіршілік ететін жануарлар	<p>а) Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. ә) Табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>б) Төңірегіндегі адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.</p>	1	01.04	
25 26	Көктем белгілері (хаттың негізінде №18-2/120- И)	<p>а) Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>ә) Ізденімпаздық-танымдық қызметке деген құштарлығын күшейту.</p> <p>б) Бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын ояту.</p>	1+1	08.04	

27	Жантақ қайда өседі?	<p>а) Балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек (қаңбақ), жүзгін сынды өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>ә) Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін күшейту.</p> <p>б) Туған өлкені сүйе білуге тәрбиелеу.</p>	1	15.04	
28	Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?	<p>а) Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту.</p> <p>ә) Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>б) Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу.</p>	1	22.04	
29	Жануарлар жауынан қалай қорғанады?	<p>а) Балалардың қоректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру; қоректік тізбек жасау қабілетін дамыту. ә) Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>б) Табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету.</p>	1	29.04	

30	Көктемгі табиғаттың өзгеруі	<p>а) Балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсінігін пысықтау.</p> <p>ә) Өзіндік эксперименталды жұмыстар ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін нығайту.</p> <p>б) Табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p> <p>а) Балалардың жасыл-желектің адам мен жануарлар өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығы туралы экологиялық түсініктерін нығайту.</p> <p>ә) Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту.</p> <p>б) Табиғатпен саналы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Зерттеушілік белсенділікке баулу.</p>	1	06.05	
31	Қызыл кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енген?	<p>а) Балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту.</p> <p>ә) Тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>б) Туған өлкені сүйуге тәрбиелеу.</p>	1	13.05	
32	Табиғатқа қамқор бол Біз – жас зерттеушіміз	<p>а) Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару.</p> <p>ә) Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>б) Қатар құрбыларымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p>а) Жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту.</p> <p>ә) Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту.</p> <p>б) Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру.</p>	1	20.05	

**« Сурет салу» ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған тақырыптық жоспары**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>ҰОҚ-нің өтпелі тақырып</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Уақыты</b>	<b>Ескерту</b>
1	Ағаш бұтақтары (Түрлі түсті қарындаштар)	« Мен кіммін және қандаймын?»	Мақсаты: балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бірбірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету.	1	03.09	
2	Күзгі орман (Акварель бояу)		Мақсаты: күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.	1	10.09	
3	Тостаған (Акварель бояу)		Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту.	1	17.09	
4	Торсық (Түрлі түсті қарындаштар)		Мақсаты: балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету.	1	24.09	
5	Жаңбырлы күн (Акварель бояу)	«Мектепке не үшін барамыз?»	Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру.	1	01.10	
6	Қоржынды сәңдейміз (Түрлі түсті қарындаштар)		Мақсаты: қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру.	1	08.10	
7	Автобус (Түрлі түсті қарындаштар)		Мақсаты: төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білу, түрлі түсті бояудың көмегімен геометриялық пішіндерді пайдаланып	1	15.10	

			автобустың суретін салуды үйрету.			
8	Бидай масақтары (Акварель бояу)		Мақсаты: балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету.	1	22.10	
9	Сазбалшықтан жасалған табақ (Акварель бояу)	«Менің айналамда кімдер бар?»	Мақсаты: балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табақты сәндеуді үйрету, тузу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерімен таныстыру.	1	29.10	
10	Құмыра (Акварель бояу)		Мақсаты: құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге үйрету.	1	12.11	
11	Гүлдене бер, Қазақстан! (Акварель бояу)		Мақсаты: мазмұнды сурет салуда бейнелерді бүкіл паракқа орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру.	1	19.11	
12	Ертегідегі құс (Акварель бояу)		Мақсаты: құстардың сыртқы бейнесі туралы жалпы ұғым қалыптастыру, құстар туралы білімдерін жетілдіру.	1	26.11	
13	Менің сүйікті ертегім (Акварель бояу)	«Менің айналамда не қоршап тұр?»	Мақсаты: балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу.	1	03.12	
14	Қолғап (Акварель бояу)		Мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту және олардың қолданылу мүмкіншіліктерін ажыратуға үйрету.	1	10.12	
15	Мерекелік отшашу (Акварель бояу)		Мақсаты: балаларға салтанатты шерулердің мәнін түсіндіру, мерекелер туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, көркемдік талғамдарын дамыту.	1	24.12	



16	Жаңа жыл мерекесі (Акварель бояу)		Мақсаты: Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту.	1	21.01	
17	Акварель бояу	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	Мақсаты: қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязатаның бейнесін салуды үйрету	1	28.01	
18	Мерекелік дастарқан (Акварель бояу)		Мақсаты: қазақтың дастарқаны, қонақ күту рәсімі туралы түсініктерін жетілдіру. Іс-әрекет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы тілін дамыту.	1	04.02	
19	Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы (Акварель бояу)		Мақсаты: серуен кезіндегі бақылаудан кейін алған әсерлерін суретте бейнелеу. Қыстағы жапырақсыз аққайың бейнесін бере білуді үйрету.	1	18.02	
20	Қар кесегі (Акварель бояу)	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Мақсаты: қыс қызығымен таныстыру, қысқа табиғат құбылыстарын сезіне білуге, қардың «аппақ ұлпа», «мамықтай» жұмсақ болатынын түсіндіру, балаларға дербес түрде қар кесегін салуды үйрету.	1	25.02	
21	Атама арналған тымақ (Акварель		Мақсаты: пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішін, олардың бөліктерінің үйлесімділігін бере		04.03	

	бояу)		білуге үйрету.	1		
22	Қаршақыздың сүйікті достары: мысық, күшік (Акварель бояу)		Мақсаты: Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету.	1	11.03	
23	Қысқы табиғат (Акварель бояу)		Мақсаты: балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету.	1	18.03	
24 25	Қуыршақтың қамзолы (Акварель бояу)  (хаттың негізінде №18-2/120-И)	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Мақсаты: қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу, түстердің үйлесіміне құрылған тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, сурет салу іскерлік-дағдыларын меңгерту.	1+1	01.04	
26	1.8 Наурыз ашықхаты (Акварель бояу)		Мақсаты: анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.	1	08.04	
27	2.Қызғаншақ қонжықтар (Акварель бояу)		Мақсаты: түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей білу, дұрыс қарымқатынас жасай білу дағдыларын дамыту.	1	15.04	
28	Сәукелені әшекейлейміз (Акварель бояу)		Мақсаты: сәукеленің пішініне сәйкес ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлеу, ұлттық ерекшеліктерін ажырата білу.	1	22.04	

29	Ұлу (Акварель бояу)	«Денсаулықты қалай күту керек?»	<p>Мақсаты: балаларды сурет салуда жеңіл қозғалыстар мен қалыптарды бейнелеу арқылы мәнерлі бере білуге үйрету, ұлудың суретін салудағы ептілік пен дағдыларын дамыту.</p> <p>Мақсаты: көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру, көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру, ептіліктерін дамыту, бояу түстерін таңдап, алмастыра қолдануға үйрету.</p>	1	29.04	
30-31	Сырмақты әшекейлейміз (Акварель бояу) 2.Ғажайып ұшақ (Акварель бояу)		<p>Мақсаты: қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, ою-өрнектердің сипатын, түсінің үйлесімділігін бере отырып, көлемді пішіндерді безендеруге үйрету.</p> <p>Мақсаты: күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру, сурет салудағы іскерлік дағдыларын дамыту.</p>	1 1	06.05 13.05	
32	Алма ағашы гүлдеді (Акварель бояу) Көктемгі еңбек		<p>Мақсаты:көктем мезгілінің табиғат құбылыстарын, бере білу білігін бекіту.</p> <p>Мақсаты: Көктем мезгілінде айналаны жинау,ағаш бұтақтарын әктеп,балаларды еңбекке баулу.</p>	1	20.05	

**«Мүсіндеу» ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған тақырыптық жоспары**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>ҮОҚ-нің өтпелі тақырыбы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Өтетін күні</b>	<b>Ескерту</b>
1	Жемістер (алма, алмұрт)	« Мен кімін және қандаймын?»	Пішінді мүсіндеудің басу, қысу, жалпақтау әдістерін пайдалана отырып, балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеуге үйрету, сенсорлық тәрбие беру.	1	7.09	
2	Себет		Себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету.	1	14.09	
3	Көкөніс (қияр , қызылша, сәбіз)		Балаларды көкөністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Қол бұлшық еттері, ойлау қабілеттерін дамыту.	1	21.09	
4	Саңырауқұлақтар (ақ, қызғылт сары саңырауқұлақ)		Түс ерекшеліктерін ажырата отырып бірнеше саңырауқұлақты мүсіндеу арқылы сюжетті мүсіндеуге үйрету, үнгу , жалпақтау әдістерін меңгерту.	1	28.09	
5	Күзгі жапырақ (рельефті мүсіндеу)	«Мектепке не үшін барамыз?»	Балаларға күз туралы түсінік беру, күз айларының атауын меңгерту, мүсіндеудің жалпақтау, бедерлеу, шымшу дағдыларын қалыптастыру.	1	5.10	
6	Жаңғақ кемірген тиін		Тиін, тиіннің тіршілігі туралы түсінік беру, тиіннің мүсінін жасай білуге, дене бөліктерін біріктіріп қосу, шымшып қысу, дөңестеу тәсілдерін үйрету, саусақ моторикасын жақсарту.	1	12.10	
7	Үйрек		Кесек ермексаздан үйрек бейнесін мүсіндеуді үйрету, мүсіндеудің шымшу, есу, басу, тегістеу тәсілдеріне жаттықтыру.	1	19.10	
8	Қоян бауырсақты кездестірді		Ертегі әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндей білуге және кеңістікте орналастыра білуге үйрету.	1	26.10	

9	Биші Әйгерім	«Менің айналамда кімдер бар?»	Ойыншықтардың әр түрін мүсіндеуге, жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету.	1	09.11	
10	Ит жеті қазынаның бірі		Адам мен жануар бейнесін мүсіндеу іскерлігін қалыптастыру, шығармашылық қабылетін, көркемдік ойлауын дамыту.	1	16.11	
11	Жайылымдағы түйе		Әдемі түйенің мүсінін ермексазбен жасай білу әдіс тәсілдерін үйрету. Есу, шымшып, созу, домалақтау әдістерін меңгерту ептіліктерін, түстерді дәл таңдай білу арқылы ұсақ қол қимылдарын дамыту.	1	23.11	
12	Жүйрік ат	«Менің айналамда не қоршап тұр?»	Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін сақтай отырып, жүйрік атты мүсіндеу. Мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту.	1	30.11	
13	Шана		Қысқы табиғат әсемдігін сезініп, шананы мүсіндей білуге үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту, түстерді сәйкес таңдау, іскерлік дағдыларын жетілдіру.	1	07.12	
14	Аққала соққан бала		Балаларға қыс мезгілі және қыс айлары туралы түсінік беру. Сөздік қорын молайту, еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру, саусақ мотоикасы арқылы шығармашалақпен жұмыс істеу қабылеттерін дамыту	1	14.12	
15	Қуыршақ (Дымков ойыншығы бойынша)		Сазбалшықпен жұмыс істей білуге үйрету, сәндік өнерге баулу, қол, саусақ мотрикасын дамыту, ұлттық құндылықтарды бағалай білуге тәрбиелеу. Эстетикалық сезімдерін қалыптатсыру.	1	21.12	
16	Біздің аю	«Жолдар бізді қайда бастайды?»	Аюдың өзіне тән ерекшеліктерін ажырата отырып мүсіндей білуге үйрету. Үңгу, бекіту, әдістерін меңгерту. Салыстыра отырып жұмыс істеу дағдыларын қалыптатсыру, жүйелі әңгімелей білуін дамыту.	1	28.12	
17	Қоян көжектерімен		Балаларды қоянның тыныс-тіршілігімен таныстыру, қоянның үй жануарына жататынын түсіндіру. Ұсақ қол қимылдарын жетілдіру, баланың ойлау қабылетін, тілін	1	18.01	

			дамыту, сөздік қорын молайту.			
18	Жіп орамымен ойнаған мысық		Саусақ арқылы жұмыс істеу дағдыларын қалыптатсыру. Ермексаздың түсін ажырата білу, саусақ бұлшық еттерінің қимыл қозғалысын дамыту.	1	25.02	
19	Торғайлар		Құстардың дене бөліктерінің көлемдерін үйлестіре білуге үйрету. Мүсіндеу арқылы қол қимыл қозғалыстарын дамыту.	1	01.02	
20	Қуыршаққа арналған ыдыс (қасық, тәрелке, саптыаяқ)	«Салт-дәстүрді білу не үшін керек?»	Геометриялық фигураларға келтіре отырып, ыдыстарды мүсіндеу. Шығармашылық қабылеттерін дамыту.	1	15.02	
21	Құмыра		Ыдыстар туралы түсініктерін кеңейтіп, құмыраны мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету. Есте сақтау, ойлау қабылеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту.	1	22.02	
22 23	Кесе/Суда жүзген қайық		Мүсіндеудің созу, тегістеу, сылау сияқты техникалық әдістерін қолдануға, түстерді қабылдай білуге, ермексазды дұрыс қолдануға үйрету.	1+1	01.03	
24	Менің сүйікті ойыншығым		Балаларды сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелей білуге, қиялдау арқылы түрлі ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету. Ойыншықтарды мүсіндеу арқылы бала қиялын, ұсақ қол қимылдарын , ойлау қабылеттерін дамыту.	1	15.03	
25	Анама сыйлық	«Мен үшін не дәмді және пайдалы?»	Балалардың қол-қимыл әрекетін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету. Бірлесіп әрекет етуге, өз жұмыстарының нәтижесін салыстырып бағалай білуге жетелеу.	1	05.04	
26	Тостаған (Наурыз мерекесіне)		Балаларды қазақтың сәндік қолданбалы өнерімен таныстыру. Қымыз құятын ыдыс-тостағанмен таныстыру, ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру.	1	12.04	

27	Торсық		Қазақтың ұлттық бұйымы-торсықпен таныстыру, торсықты ермексаздан мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету, торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру, торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру.	1	19.04	
28 29	Әжемнің сандығы Ғарыш кемесі <b>(хаттың негізінде:№18-2/120-II)</b>		Балаларды мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіре білу әдісімен таныстыру және үйрету. Балаларға ғарыш, зымыран, ұшақ туралы түсінік беру. Балалардың ой қиялын дамыту.	1+1	26.04	
30	Желкенді қайық	«Денсаулықты қалай күту керек?»	Суда жүретін көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру, қайық бейнесін мүсіндей білуді үйрету.	1	03.05	
31	Дән шоқыған құстар		Балаларға құстардың тіршілігі туралы түсінік беру, мүсіндей білуге үйрету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	17.05	
32	Қанат жалау ұстап келеді.		Бала бейнесін мүсіндей білуге үйрету.шығармашылық белсенділігін арттыру, қол, саусақ икемділігін дамыту.	1	24.05	

«Жапсыру» ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	ҰОҚ-нің мақсаты мен міндеттері	Сағат саны	Өтетін күні	Ескерту
1	Көшедегі үйлер	<b>Мақсаты:</b> көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету. <b>Міндеттері:</b> архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру, шығармашылыққа тәрбиелеу.	1	02.09	
2	Біздің үй	<b>Мақсаты:</b> кіші бөліктерді үлкен бөліктің үстіне кескіндеп жапсыруға үйрету. <b>Міндеттері:</b> геометриялық пішіндерді үйлестіре отырып, үйдің бөліктерін сюжетті жапсыруға үйрету; ойлау, есте сақтау, қағазбен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту; еңбекқорлыққа тәрбиелеу; шығармашылыққа жетелеу.	1	09.09	
3	Кемпіркосақ	<b>Мақсаты:</b> доғал сызық бойымен қиюды және кеңістікте түстерді сәйкестендіре жапсыруды үйрету. <b>Міндеттері:</b> қайшыны дұрыс қолдана білу, желімді ұқыпты пайдалану дағдысын бекіту; саусақ моторикасын дамыту; логикалық ойлау, есте сақтау,	1	16.09	



		сөйлеу қабілеттерін дамыту, жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жетілдіру; табиғатты сүюуге, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.			
4	Саңырауқұлақтар	<b>Мақсаты:</b> балаларға геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша) қию әдістерін меңгерту. <b>Міндеттері:</b> кеңістікте орналастыра білуге үйрету; баланың ой-қиялын дамыту; қол, саусақ қимылдарын жетілдіру; табиғат әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.	1	23.09	
5	Күзгі жапырақтар. Бұлттар	<b>Мақсаты:</b> қағазды қатпарлап бүктеу арқылы жапырақтың жиектерін иреkteп қиюды үйрету. Балаларға қағазды жырту әдісін қолданып, бұлттың бейнесін жасауға үйрету. <b>Міндеттері:</b> қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту; табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу. Қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; шығармашылық қабілеттерін дамыту; табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу.	1	30.09	
6	Айдарлы әтеш	<b>Мақсаты:</b> әтештің жасалу жолын ретімен үйлестіре білуге үйрету. <b>Міндеттері:</b> үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту; ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту; ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.	1	07.10	

7	Түлкі	<p><b>Мақсаты:</b>түлкінің бейнесін қию арқылы пішіндер туралы түсініктерін нығайту.</p> <p><b>Міндеттері:</b>бұрынғы үйренген әдіс- тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту , ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.</p>	1	14.10	
8	Теңіз асты патшалығы	<p><b>Мақсаты:</b>ірі бөлшектерді өзіне тән ұсақ бөлшектермен толықтыра отырып балық бейнесін жапсыруға үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b>пішіндердің шеттерін қию, іскерліктерін жетілдіру; шығармашылық қабілеттерін, қол бұлшық еттерін дамыту; қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	1	21.10	
9	Құмырадағы гүл. Бөлме өсімдіктері.	<p><b>Мақсаты:</b> қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию әдісіне үйретуді жалғастыру.Екіге бүктелген қағазды симметриялы сызықпен кесуге, бүктеу арқылы қиюға үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> затқа қарап жапсыру дағдыларын қалыптастыру; қол бұлшық еттерін дамыту; математикалық ұғымдарын бекіту; қайшыны дұрыс ұстау, пішінді ұқыпты қиюын жетілдіру, қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әртүрлі ұсақ қимылдар жасауға үйрету,балалардың бөлмеде өсірілетін гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту, сұлулықты сезіне білуге, бөлме гүлдерін күтіп-баптауға әсемдікке тәрбиелеу.</p>	1	28.10	
10	Тауыс	<p><b>Мақсаты:</b> бірнеше бөліктерден тұтас бейне</p>		11.11	

		<p>құрастырып жапсыруға үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> қаттап қию арқылы бірден бірнеше бөліктерді қиюға үйретуді жалғастыру; түстерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру; қол, саусак қимылдарын дамыту; өз жұмыстарын бағалай білуге, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>	1		
11	Тікұшақ	<p><b>Мақсаты:</b> түрлі формадағы бөлшектерді қиып, үлгі бойынша тұтас бейне құрауға үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> тікұшақ туралы білімдерін кеңейту; балалардың ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамыту; шыдамдылыққа, таза жұмыс істей білуге тәрбиелеу.</p>	1	18.11	
12	Қуыршаққа арналған көйлек	<p><b>Мақсаты:</b> қағазды бүктеу әдісі арқылы көйлек пішінін қиюға үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> қию әдістерін үйретуді жалғастыру, қолдың қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын дамыту; талғампаздыққа, өнерлі болуға ұмтылуға тәрбиелеу.</p>	1	25.11	
13	Көлік	<p><b>Мақсаты:</b> симетриялық бүктеу арқылы бірдей екі пішінді қиюға, салыстырмалы орналастыра білуге үйрету.</p> <p><b>Міндеттері:</b> заттың өзгешелігін түсіндіру; таныс әдіс-</p>	1	02.12	

		тәсілдерді қолдану; геометриялық түрлі пішіндерді қиюға ептілік, шығармашылық, есте сақтау, қабілеттерін дамыту; жолда жүру ережелерін сақтап, абай болуға тәрбиелеу			
14	Домбыра	<b>Мақсаты:</b> ұлттық ою-өрнек элементтерін қию әдісіне және үйлесімді сәндеуге үйрету. <b>Міндеттері:</b> бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; шығармашылық қасиеттерін дамыту; қол қимылдарын жаттықтыру; өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету.	1	09.12	
15	Қысқы орман	<b>Мақсаты:</b> жырту әдісі арқылы бейнелермен сюжетті толықтыруға үйрету. <b>Міндеттері:</b> қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; суретке қарап шағын әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру; саусақ қимылдарын жетілдіру; әсемдікке тәрбиелеу.	1	23.12	
16	Менің сүйікті ойыншығым	<b>Мақсаты:</b> үлгі сызық бойынша бейнені қия білуін бекіте отырып, өз бетінше безендіруге үйрету. <b>Міндеттері:</b> балаларды өздерінің сүйікті ойыншықтарының аттарын атай отырып сипаттауға	1	20.01	

		және оларға ұқыпты қарай білуге баулу; балаларға қиюдың түрлі тәсілдерін меңгерту; таңдау жасай білуге, ұқыптылыққа үйрету; саусақ қимылдарын арттыру, қағазды қию қабілеттерін дамыту; төзімділікке тәрбиелеу.			
17	Мысық	<b>Мақсаты:</b> үлгі сызық бойынша бейнені қия білуін бекіте отырып, өз бетінше безендіруге үйрету. <b>Міндеттері:</b> мысықты жапсыру барысында төзімділікпен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; әңгіме барысында танымдық белсенділігін арттыру, ойлауын, қиялын дамыту; жан- жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.	1	27.01	
18	Орамалды әшекейле	<b>Мақсаты:</b> түстерді сәйкестендіріп сәндеу техникасы бойынша түрлі өлшемдегі үшбұрыштарды қиюға, бұйымды әшекейлеуге үйрету. <b>Міндеттері:</b> балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау; ұқыпты жапсыруға үйрету; саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу; сенсорикалық тәрбиені дамыту; достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.	1	03.02	
19	Әжеме арналған	<b>Мақсаты:</b> қиюдың түрлі тәсілдерін сәндік		17.02	

	қамзол	қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда қолдана білуді үйрету. <b>Міндеттері:</b> сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру; ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1		
20	Алдаркөсенің шапаны	<b>Мақсаты:</b> қағазды әртүрлі формада жырту және умаждау әдісін қолдануды үйрету. <b>Міндеттері:</b> түрлі сызықтар арқылы жұмысты толықтыруға үйрету, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; жапсыру оқу қызметіне деген қызығушылықтарына арттыру. Балалардың шығармашылық қиялын, ойлау қабілетін дамыту; ертегінің жағымды кейіпкерлерінен үлгі алуға тәрбиелеу.	1	24.02	
21	Қайындағы қараторғай ұясы	<b>Мақсаты:</b> құстың ұясын және оның жеке бөліктерін қиып, жапсыру әдістерін үйрету. <b>Міндеттері:</b> балалардың құстар және олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; қию, жапсыру тәсілдерін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін арттыру;	1	03.03	

		құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.			
22	Желкенді қайық	<b>Мақсаты:</b> түрлі геометриялық пішіндерден зат құрап жапсыруға үйрету. <b>Міндеттері:</b> қию тәсілдерін жетілдіре отырып жолдасымен бірге жоспарлап, пікірлесіп жұмыс істеуге дағдыландыру; балалардың ой-өрісін кеңейту; дербес іс- әрекетін дамыту; адамгершілікке тәрбиелеу.	1	10.03	
23	Гүл салынған ыдыс	<b>Мақсаты:</b> бүктеу әдісін қолданып, жаңа жапсыру тәсіліне үйрету. <b>Міндеттері:</b> ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, қию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру;табиғатты аялай білуге, жақсы тілектер айтуға, ұқыпты болуға тәрбиелеу.	1	17.03	
24	Көлшікте	<b>Мақсаты:</b> балаларды қағазды бүгу,бүктеу, қаттау әдістерін қолдануға үйрету. <b>Міндеттері:</b> ұсақ бөлшектерді қию және дұрыс желімдеу дағдыларына үйрету; қол, саусақ моторикасын және ойлау қабілетін дамыту; табиғатты сүйуге тәрбиелеу.	1	31.03	
25 26	Жайылып жүрген балапандар/Жайылып жүрген балапандар	<b>Мақсаты:</b> бүктеу әдісі арқылы бірнеше кескінді бірден қию әдісін меңгерту. <b>Міндеттері:</b> ойын арқылы қол, саусақ қимылдары мен көркемдік талғамдарын дамыту; үй құстарына	1+1	07.04	(хаттың негізінде№18-2/120-И)

		қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.			
27	Үйрек балапандарымен	<b>Мақсаты:</b> балаларды геометриялық пішіндерді салыстыра отырып үйректер жасауға, жасаған жұмысы бойынша әңгімелей білуге үйрету. <b>Міндеттері:</b> түстерді сәйкестендіріп жапсыру дағдыларын жетілдіру,қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттыру, ұсақ қол қимылын, көркемдік талғамдарын дамыту;табиғаттың әсемдігін көре білуге, аялауға тәрбиелеу	1	14.04	
28	Зымыран. Ұшақтар шеруі	<b>Мақсаты:</b> зымыран пішінін қиып, жапсыруды үйрету. Бүктеу әдісі арқылы жіңішке қиықтарды қию жолдарын үйрету. <b>Міндеттері:</b> саусақ қимылдарын дамыту, жапсыру дағдыларын қалыптастыру,қол еңбегіне, ғарыш әлеміне қызығушылығын ояту; Отанын, елін сүйуге, білімділікке тәрбиелеу.		21.04	
29	Көбелектер	<b>Мақсаты:</b> ирек пішіндерді қия білуге үйрету. <b>Міндеттері:</b> қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдаланып, түстерді бір-бірімен жүйелі сәйкестікпен желімдеуге үйретуді жалғастыру; ұжым	1	28.04	



		болып жапсыру, жұмысын дұрыс ұйымдастыруға дағдыландыру; әсемдікке, табиғатты сүйеге, оны аялауға тәрбиелеу.			
30-	Достық мерекесі	<b>Мақсаты:</b> түрлі пішіндерді қиып үлгі бойынша сәндеп жапсыруға үйрету. <b>Міндеттері:</b> жапсыру құралдарын ұқыпты қолдануға, жұмысты аяғына дейін шыдамдылықпен орындауға үйрету; ұсақ қол қимылдарын дамыту; татулыққа, достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.	1	05.05	
31	Күнбағыс	<b>Мақсаты:</b> бүктеу әдісімен тұтас бейне қиюға үйрету. <b>Міндеттері:</b> жапсыру дағдыларын жетілдіру, қиялын дамытып, қабілеттерін шыңдау, қию іскерліктерін арттыру; тапсырма орындауда төзімділікке тәрбиелеу.	1	12.05	
32	Жайлауда	<b>Мақсаты:</b> ұлттық нақышта сәндік жапсыруға үйрету. <b>Міндеттері:</b> жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау; шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.	1	19.05	

### Ұйымдастырылған іс-әрекет-Музыка

р/с	Тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	күні
1 2	Білімнің бұлағын	Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту	2	6.09 8.09
3 4	Нота үйренейік	Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін әсерлі реңктерін ажырату	2	13.09 15.09
5 6	Көңілді ырғақтар	Музыка сипатын ырғақты жүріспен музыканың ширақ сипатын жеңіл ырғақты жүріспен беру.	2	20.09 22.09
7 8	Біздің аспаптар	Ересектердің орындауында музыкалық пьесаларды тыңдау жоғарғы регистр аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.	2	27.09 29.09
9 10	Күзгі серуен	Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін ажырату әсерлі реңктерін ажырату.	2	04.10 06.10
11 12	Күз-жомарт	Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру.	2	11.10 13.10
13 14	Күзгі жаңбыр	Музыканың сипатын түсініп эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру.	2	18.10 20.10
15 16	Сабан тойды тойлаймыз	Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.	2	25.10 27.10
17 18	Елтаңбасы елімнің	Әннің сипатын қабылдау, даусын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.	2	08.11 10.11

19 20	Гүлдене бер Нұр- Сұлтан	Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.	2	15.11 17.11
21 22	Жомарт өлкем	Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.	2	22.11 24.11
23 24	Біздің рәміздер	Ересектердің орындауында музыкалық пьесаларды тыңдау жоғарғы регистр аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.	2	29.11 06.12
25 26	Егеменді елім	Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.	2	08.12 13.12
27 28 29	Қысқы орманда/Табиғат тамшылары	Әннің сипатын қабылдау, даусын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесін динамикасын дәл беру.	2	15.12 20.12
30 31	Орманда серуендейміз	Даусы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауыс келтіріп орындауға үйрету.	2	22.12 27.12
32 33	Қысқы әуен сыңғырлайды	Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.	2	29.12 17.01
34 35	Қыс қызығы	Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.	2	19.01 24.01
36 37	Бұл қай кезде болады?	Шығармалардың эмоциялық мазмұнын олардың сипатын көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату.	2	26.01 31.01
38 39	Қыс келді	Музыканы тыңдай отырып оның көңіл күйін ажырата білуге баулу.	2	02.02 14.02

40 41	Айнала ақша қар	Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру.	2	16.02 21.02
42 43	Бесік жыры	Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету	2	23.02 28.02
44 45	Менің туыстарым	Әуенге ілесе отырып ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру.	2	02.03 07.03
46 47	Ақ әжем	Музыкалық ырғақты-қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру.	2	09.03 14.03
48 49	Ана-өмір шырағы	Әлемдегі ең асыл жан-анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету.	2	16.03 04.04
50 51 52	Домбыра сазы Денсаулықты қалай күтуге болады <b>(хаттың негізінде: №18-2/120-И)</b>	Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру.	2+1	06.04 11.04
53 54	Көктем әндері	Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу.	2	13.04 18.04
55 56	Наурыз-жыл басы	Балалардың қазақтың ойынына деген қызығушылықтарын арттыру.	2	20.04 25.04
57 58 59	Қайырлы таң/Спорт біздің досымыз <b>(хаттың негізінде: №18-2/120-И)</b>	Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету	2	27.04 04.05

60 61	Ғарыш әлеміне саяхат	Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру	2	11.05 16.05
62 63	Құстар біздің досымыз	Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.	2	18.05 23.05
64	Бақшадағы ән- сауық	Қазақтың ұлттық ойындарының бірі көкпарды би арқылы сипаттап жеткізе білуге үйрету.	1	25.05

**«Өзін-өзі тану» ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған тақырыптық жоспар**

<b>№</b>	<b>Ауыспалы тақырып</b>	<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Сабақтың мақсаты</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Ескерту</b>
<b>1</b>	<b>Мен адаммын</b>	«Өзін-өзі тану әлеміне» саяхат	«Өзін-өзі тану» әлемі туралы түсініктерін кеңейту	<b>1</b>	<b>06.09</b>	
		Мен ерекше баламын	Балалардың өзіндік «Менің» ұғындыру, өздерін тануға, өз ерекшеліктерін білуге үйрету	<b>1</b>	<b>13.09</b>	
		Отбасым-бақыт мекені	Сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту	<b>1</b>	<b>20.09</b>	
		Достаса білейік	«Достық» құндылығы туралы түсіністерін одан әрі жетілдіру	<b>1</b>	<b>27.09</b>	
		Менің балабақшам	Балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту	<b>1</b>	<b>04.10</b>	
		Менің тәрбиешім	Балалардың тәрбиеші апайларына деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту	<b>1</b>	<b>11.10</b>	
		Жақсылық жасай білеміз	«Жақсылық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту	<b>1</b>	<b>18.10</b>	
		Мен бақытты баламын	«Бақыт», «қуаныш», «сүйіспеншілік» құндылықтарының мағынасын түсіндіру	<b>1</b>	<b>25.10</b>	
<b>2</b>	<b>Қарым-қатынас қуанышы</b>	Жақсы қарым-қатынас жасауға	Балаларды өзара жақсы қарым-қатынас жасай білуге үйрету.	<b>1</b>	<b>08.11</b>	

		үйренеміз			
		Жүрегімде жақсылық	«Жақсылық» ұғымының адамгершілік құндылық ретінде мәнін ашу	1	15.11
		Жақсы сөз жанды жадыратар	Балаларға «жақсы сөздің» адамдарға әсері туралы түсіндіру	1	22.11
		Отбасындағы сүйіспеншілік	«Сүйіспеншілік» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту	1	29.11
		Дос болайық, бәріміз	«Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру	1	06.12
		Менің кішкентай достарым	«Қамқорлық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту	1	13.12
		Достық татулықтан басталады	«Татулық» адамгершілік құндылығы туралы түсіндіру	1	20.12
		Бәрін жақсы көремін	«Жақсы көру» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту	1	27.12
<b>3</b>	<b>Адамгершілік әліппесі</b>				
		Мен ұқыпты баламын	«Ұқыптылық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу	1	17.01
		Мен елгезек баламын	Тыңдау, тіл алу, елгезектік туралы түсініктерін кеңейту	1	24.01
		Бірлігіміз жарасқан	«Бірлік» ұғымы, оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру	1	31.01
		Мен жақсы баламын	«Жақсылық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу	1	14.02

		Мен еңбекқор баламын	«Еңбек» «еңбексүйгіштік» туралы түсінік беру	<b>1</b>	<b>21.02</b>	
		Достық көмек	«Достық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту	<b>1</b>	<b>28.02</b>	
		Мен осындай баламын/Мен осындай баламын	«Жақсы адам» сөзінің мағынасын түсіндіру	<b>1+1</b>	<b>05.03</b>	
<b>4</b>	<b>Мен және менің әлемім</b>	Мен табиғаттың бөлшегімін	Табиғат пен денсаулықтың үйлесімділігін түсіндіру	<b>1</b>	<b>14.03</b>	
		Табиғаттан үйренейік/Табиғатты аялайық	Табиғатқа қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейту	<b>1</b>	<b>04.04</b>	(хаттың негізінде:№18-2/120-И)
		Өнердің ғажайып әлемі	«Өнер» құндылығы туралы түсіндіру	<b>1</b>	<b>11.04</b>	
		Туған жерімді сүйемін	«Отан», «сүйіспеншілік», «туған жер» құндылықтарының маңыздылығын түсіндіру	<b>1</b>	<b>18.04</b>	
		Ұлттық дәстүрім-мақтанышым	Ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу	<b>1</b>	<b>25.04</b>	
		Ынтымағы жарасқан елміз	Ынтымақ, бірлік ұғымы туралы түсініктерін кеңейту; Достық қарым- қатынастарын нығайту; Татулықта, бірлікте, бейбітшілікте өмір сүруге тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>02.05</b>	
		Отанға сүйіспеншілік	«Отан» құндылығының маңыздылығын түсіндіру	<b>1</b>	<b>16.05</b>	
		Мың алғыс саған,	«Өзін-өзі тану» сабақтарында	<b>1</b>	<b>23.05</b>	



		Өзін-өзі тану әлемі	алған білімдерін бекіту			
--	--	---------------------	-------------------------	--	--	--

**«Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған тақырыптық жоспар**

№	Тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері	Сағат саны	Күні	Ескерту
1	Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады?	<b>Мақсаты:</b> заттардың адам өміріндегі маңызын түсіну; заттардың неден жасалғанын анықтау. <b>Міндеттері:</b> 1. Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру. 2. Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктерін кеңейту. 3. Балаларды заттардың түрлерін сипаттауға, оларды қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	1	07.09	
2	Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды	<b>Мақсаты:</b> мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру; мамандықтың бәрі жақсы деген қорытындыға келу. <b>Міндеттері:</b> 1. Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. 2. Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Барлық мамандықтың қажет екендігі туралы білімдерін дамыту. 3. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Мамандық таңдауға деген алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру.	1	21.09	

3-4	Менің Отаным – Қазақстан	<p><b>Мақсаты:</b> Отан туралы түсінігін кеңейтіп, білімін толықтыру. Отан туралы тілегін, құрметін өз сөзімен жеткізе білу.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. «Отан» деген сөздің мағынасын түсіну, еліміздің өркендеуіндегі президенттің рөлі туралы білу. 2. Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айта алу дағдыларын арттыру, зейіндерін дамыту. 3. Туған жерін, Отанын сүйуге тәрбиелеу.</p>	2	05.10 19.10	
5-6	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері	<p><b>Мақсаты:</b> еліміздің рәміздері туралы түсініктерінің болуы және оны құрметтеу; елтаңбада бейнеленген суреттердің нені білдіретінін түсіндіре алу.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. 15 2. Өр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. 3. Өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын тудыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	2	16.11 30.11	
7-8	Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі	<p><b>Мақсаты:</b> тұрмыстық техниканың шығу тарихымен, адам үшін қажеттілігімен танысу; қарапайым тұрмыстық техниканың қалай қолданылатыны туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру. 2. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту. 3. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру, тазалыққа, жинақылыққа баулу.</p>	2	14.12 28.12	
9-10	Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері	<p><b>Мақсаты:</b> арнайы көлік түрлерінің не үшін қажет екенін түсіну; арнайы көліктер мен жай көліктердің мақсат-міндетін ажырата алу.</p> <p><b>Міндеттері:</b> 1. Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы ақпарат беру. 2. Арнайы көліктердің қызметі туралы айта алу, көліктерді топтай білу, олардың адам өміріндегі маңызы жайлы түсініктерін дамыту. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру. 3. Көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу</p>	2	18.01 01.02	
11-12	Менің елімнің салт-дәстүрі	<p><b>Мақсаты:</b> ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрді жоғалтпай әрі қарай жалғастыру керектігін түсіну; салт-дәстүрдің адам</p>	2	22.03 15.04	

		өміріндегі маңызы туралы алғашқы түсініктерінің болуы. <b>Міндеттері:</b> 1. Туған елдің салт-дәстүрлерімен таныстыру. Бесік жыры, тұсаукесер, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру. 2. Салт-дәстүрлерге қызығушылықтарын ояту. Еліміздің салт-дәстүрі туралы білімдерін дамыту. 3. Туған халқының дәстүріне деген мақтаныш сезімдерін тудыру. Елінің салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.			
<b>13-14</b>	Жаяу жүргінші ережелері/ Жаяу жүргінші ережелері	<b>Мақсаты:</b> адам өміріндегі жол ережесінің маңызын, оны сақтаудың қауіпсіздік үшін қажеттілігін түсіну; жол бойына қойылған белгілердің нені білдіретінін түсіне алу. <b>Міндеттері:</b> 1. Балаларға жол ережесі, жол белгілері туралы білім беруді жалғастыру. Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды ақпарат екенін саналарына жеткізу. 2. Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтау, жолда зейінді болу дағдыларын дамыту. 3. Қоршаған ортаға мән бере қарауға, байқағыштыққа, тәртіптілікке баулу.	1+1	12.04	<b>(хаттың негізінде: №18-2/120-И)</b>
<b>15-16</b>	Әскери мамандықтар. Ұлы Отан соғысы ардагерлері	<b>Мақсаты:</b> Ұлы Отан соғысы ардагерлерін құрметтеу, олардың елімізді қорғаудағы ерлігін бағалау; ҚР әскери қызмет мамандықтары, олардың Отан алдындағы міндеті туралы білу. <b>Міндеттері:</b> 1. Балаларды әскери мамандық түрлерімен таныстыру, әскери мамандықтар туралы жалпы білім беру. 2. Киімге, қару-жарақ, әскери техникаға қарап, әскери қызметтерді ажырата білу дағдыларын дамыту, әскер туралы түсініктерін кеңейту. 3. Әскери мамандықтарға қызығушылықтарын тудыру. Отан қорғаушыларға деген мақтаныш сезімдерін ояту	2	26.04 24.05	

